Хаттама № 1

Барлық пед. маман -6 Мерзімі:28.08.2022ж
Қатысқаны -5

Күн тәртібінде:

1.Балабақша педагогикалық ұжымын 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары мен үлгілік оқу жоспарымен, ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру,бекіту.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министірінің 2022 жыл 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1-қосымша.

3.Баяндама
«Мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу өнері арқылы шығармашылығын дамыту»

4. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту. Тәрбиеші партфолиясы.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Бегманова балабақша ұжымын жаңа оқу жылымен құттықтап,шығармашылық тәрбиешілермен бірлесе отырып 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары мен үлгілік оқу жоспарымен, ұйымдастырылған іс-әрекеттің, балалардың күн тәртібімен таныстыру,бекіту жоспарын талдап балабақша деңгейіне лайықтай отырып бекітті .
Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Бегманова сөз сөйледі. Биылғы 2022-2023 оқу жылының өзгерістері туралы сөз қозғады,яғни

1. Осы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – стандарт) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-1) тармақшасына, 56-бабына сәйкес әзірленді және мыналарды:

1) тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына;

2) тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;

3) тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды анықтайды.

2. Стандарт:

1) білім беру бағдарламаларының вариативтілігін қамтамасыз ету мақсатында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік және вариативтік оқу жоспарларын әзірлеу;

2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік және білім беру (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) бағдарламаларын әзірлеу;

3) меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптарында (бұдан әрі - мектепалды сыныптар) тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда әдістемелік материалдар әзірлеу;

4) мектепке дейінгі ұйымдағы жас топтарының күн тәртібін әзірлеу;

5) әрбір баланың жан-жақты дамуы мен әлеуетін ашуға қолайлы жағдайлар жасау;

6) балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар және мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін арнайы жағдайлар жасау;

7) баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру;

8) балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін негіз болып табылады.

3. Осы Стандартта мынадай терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

Осы өзгерістерді ескере отырып жұмыс жүргізу басшылыққа алынады.

Үшінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Б.Дүйсебаева «Мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу өнері арқылы шығармашылығын дамыту» тақырыбында баяндама оқыды.Аталмыш баяндамада мектеп жжасына дейінгі балалардың ойлау қабілеттерін бейнелеу өнеріне сүйене отырып дамыту.Снымен қатар тәрбиеші баланың сұлулықты қабылдауынан бастап,оған эмоциялық жауап қату,оны түсіну, эстетикалық ұғым,пікір ,эстетикалық баға беру қасиетін қалыптастыруға дейін жетелеп отыру тиіс.Бейнелеу өнерінде балалардың сурет салуға,өнерді қабылдауды тұрғысынан білім деңгейлерінің әр сатылы болуына байланысты,сурет салуға мүскіншіліктерін анықтай отырып,сапалы білім беру,тұрғысына жете тоқталды.

Төртінші мәселе бойынша меңгеруші А.Бегманова тәрбиешілердің шығармашылық жұмыс тақырыптарына тоқталып өтті.Олар әр тәрбиешінің өз таңдаулары бойынша алынып жүзеге асырылды.Олар төмендегідей:

1.Каленова.А- "Балаларды шығармашылық өнерге үйретудің маңызы"

2.Бекназарова.С-"Ертегілер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілетін дамыту".

3.Дүйсебаева.Б-"Мектеп жасына дейінгі балалардың қимыл- қозғалыс ойындарын ұйымдастыру және ерекшеліктері ".

4.Мақұлбекова.П-«Мектеп жасына дейінгі балалардың қимыл-қозғалыс ойындары". Осы тақырыптар бойынша тәрбиешілер өз жұмыстарын жыл бойы жүргізеді және тәрббиеленушілердің іс-әрекет барысында қолданып отырады.

Шешімі:

1. 2022-2023оқу жылының жылдық жоспары мен ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары балалардың күн тәртібі бекітілсін.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартындағы барлық өзгерістер басшылыққа алына отырып жұмыс жүргізілсін.
3. Тәрбиеші Б.Дүйсебаеваның баяндамасы қанағаттанарлық деп табылсын.
4. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптары бекітілсін. Тәрбиеші партфолиосы жасақталсын.

Педкеңес төрайымы: А.Бегманова

Хатшысы: С.Бекназарова

Хаттама № 2

Барлық пед. маман -6 Мерзімі:24.10.2022ж
Қатысқаны -5

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

2. Баяндама «Мектеп жасына дейінгі баланың бойында танымдық белсенділігін дамытудың басты бағыты»

3. Пікір алмасу .Балалардың сенсорлық тәрбиені меңгерудегі тәрбиешінің ролі.

4.Ашық іс-әрекетердің тақырыбы және өтілу барысына талқылау.
1. «Үйшік ертегісін сахналау» кіші топ-Б.Дүйсебаева
2. «Сиқырлы пішіндер» ортаңғы топ-С.Бекназарова
3. «Жәндіктер әлемі» ересектер тобы-А.Каленова

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Бегманова сөз сөйледі. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы,мектепке дейінгі білім беру стандартындағы өзгерістері ескеріліп,тәрбиешілердің перспективалық жоспары мен циклограммасы бекітіліп,жұмыс жүргізілуде,сонымен қатар тәрбиешілермен бекітілген шығармашылық тақырыптар бекітіліп жұмыс жүргізілуде.

Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі П.Мақұлбекова «Мектеп жасына дейінгі баланың бойында танымдық белсенділігін дамытудың басты бағыты» тақырыбында баяндама оқыды. Осы баяндамада, Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары
Мектеп жасына дейінгі шақта даму өте қарқынды, жедел өтеді, жеке қалыптасу, балалардың іс - әрекеті кеңейеді. Бұл шақта танымдық даму қарқынды дамуымен ерекшеленеді. Ана тілін меңгеруі, түстерді қабылдауы қалыптасады, көлем, форма, кеңістікті бағдарлау, уақытты бағдарлау, зейін, ес, қиял түрлері, ойлау операциялары: топтау, жинақтау, салыстыруы қалыптасады.
Психологтың міндеті балалардың психикалық даму ерекшеліктерін анықтау, психикалық жаңарулардың қалыптасуын, жас ерекшеліктерін, білім, дағды, әдет, жеке қасиет деңгейінің жас ерекшелігіне сәйкестігін анықтау жатады.
Диагностика барлық топтарда қыркүйек айында жүргізіледі. Кішкентайлар тобында диагностика Бине – Симонның ақыл - ой шкаласы әдістемесі қолданылады.
Әр жастағы бала төмендегі көрсеткіштерді білуі тиісті екенін жіті атап өтті.

Үшінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешілері арасындағы пікір алмасу «Балалардың сенсорлық тәрбиені меңгерудегі тәрбиешінің ролі» тақырыбында болды.Бұл пікірталаста тәрбиеші А.Каленова : Ақыл-ой тәрбиесі әр заманда балаларға білім берудің негізгі құралы болып саналады. Білім алуға және ғылымға ұмтылыс халық санасының тереңінен әрдайым орын алады. Халық табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтары бейнеленген ғылымның деректерін, түсініктерін және заңдарын мақсатты игерудің нәтижесі

деп біледі. Ал тәрбиеші С.Бекназарова: Ғалымдар ақыл-ой мен тәрбиені дамытудың көптеген мәселелерін зерттеуде мектеп жасына дейінгі балаларды ақыл-ой жағынан тәрбиелеудің негізі ретінде сенсорлық тәрбиенің мазмұны мен әдістерін талдауға қажетті түсінік пен қабылдаудың даму заңдылықтары реттеліп отыр, олардың көрнекі-қимылдық, бейнелі образды және ұғымдық логикалық ойлауының қалыптасуы зерттелуде. Ақыл-ой күштері балаларды білім қорын жасауға негізгі ойлау түрлерін жүзеге асыруда үлкен рөл атқарады,деген ойын жеткізе білді.Пікірталаста сонымен қатар балаларды тәрбиелеуде тәрбиешінің ролі зор екенін атап өтті.

Төртінші мәселе бойынша меңгеруші А.Бегманова тәрбиешілердің ашық іс-әрекетердің тақырыбы және өтілу барысына талқылау.Балабақша тәрбиешілерінің өз мерзімімен өткен іс-әрекеттеріне шолу жасады. «Үйшік ертегісін сахналау» кіші топ тәрбешісі Ботакоз Дүйсебаева, «Сиқырлы пішіндер» ортаңғы топта Севара Бекназарова, «Жәндіктер әлемі» ересектер тобында Айгүл Каленова,өтілген іс-әрекеттеріне шолу жасады.Топтардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттерде бала жасына сай көрнекіліктер мен тапсырмаларды орындауға дайындалған көмекші құралдар қарастырылған,тәрбиеші іс-әрекет барысында балалармен тығыз қарым-қатынас орнатып,деңгейіне қарай қосымша талаптар қоя білді.Тәрбиеленушілер берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындай білді.Іс-әрекет соңында кемшіліктер ескертіліп,айтылды.

Шешімі:

1.Тәрбиеші П.Мақұлбекованың баяндамасы қанағаттанарлық деп табылсын.
2.Пікір алмасудағы мәліметтер күнделікті іс-әрекет барысында жүзеге асырылсын.
3.Ашық іс-әрекеттерде ескертілген кемшіліктер дер кезінде жойылсын.
4.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартындағы барлық өзгерістер басшылыққа алына отырып жұмыс жүргізілсін.

Педкеңес төрайымы: А.Бегманова
Хатшысы: С.Бекназарова

Хаттама № 3

Барлық пед. маман -6 Мерзімі:20.01.2023ж
Қатысқаны -6

Күн тәртібінде:

1. Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Топтың тазалық тәрбиесін талдау»
   «Жұлдыздар» ортаңғы тобында тексеру
3. Баяндама
   « Күн кестесіндегі сауықтыру шаралары»
4. Саусақ ойыны,балаларға ұнайтын ойын әрекетінің түрі.
   Ойын үлгісі.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Бегманова сөз сөйледі. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартындағы барлық өзгерістер басшылыққа алына отырып жұмыс жүргізіліп жатқандығы,өткен кеңеске жоспарланған топтардағы іс-әрекеттер өз топтарында берілген тақырып бойынша өткізілді. Іс –әрекет барысында әр топта тақырыпқа сәйкес бала жасына,деңгейіне сәкестендірілген көрнекі құраладар мен іс-әрекет барысында қолданылатын құрал-жабдықтар бала санына жеткілікті болды,әрбір тәрбиеші өз іс-әрекеттегі мақсаттарына жете білді.

Екінші мәселе бойынша, «Жұлдыздар» ортаңғы тобында 2023жылдың 16 қаңтарында «Топтың тазалық тәрбиесін талдау» жағдайы туралы тексеру жұмысы жүргізілді. Тексеру жұмысы балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес қаңтар айында жүргізілді. Тексеру жұмысын жүргізгендер балабақша меңгерушісі А.Бегманова, тәрбиеші А.Каленова,медбике Ж.Ибрагім, тексеру барысында тәрбиеші Бекназарова.С, топтың тазалық тәрбиесін бақылау жұмыстары зерттелді.Зерттеу барсында: Топтың асханалық жиһаздардың орналасуы,тамақтандыру тәртібінің орындалуы,үстел үсті жасалуының эстетикасы,тазалық шараларын ұйымдастыруы, тамақтану кезіндегі топтың жағдайы орташа деңгейде ,балалрдың тамақтану дайындығы, сыртқы түрі, көңіл-күйлері және араласулары, үстел басындағы тәртіп мәдениеттері,тамақтану кезіндегі балалар мен тәрбиешінің үстел басында тәртібі, тәрбиеші мен бала арасындағы байланысы, тәрбиешінің асты ұсына білуі, үстел басында тәртіп сақтау ережесін үйретуі сақтауы талапқа сай екені анықталып,барлық кемшіліктер айтылып,ұсыныстар берілді.

Үшінші мәселе бойынша,тәрбиеші Севара Бекназарованың «Күн кестесіндегі сауықтыру шаралары» тақырыбындағы баяндамасы тыңдалды, Жас ұрпақты жан – жақты дамыған, ой — өрісі биік, тұлғасы сымбатты азамат етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дене тәрбиесінің алар орны орасан зор. Ал оны неғұрлым ерте кезінен бастап, дұрыс жолға қойып жүргізсе, соғұрлым нәтижесі жемісті болатыны анық. Өйткені болашақ азаматтың денсаулығы мықты, мүсін тұлғасы дұрыс қалыптасқан, жігерлі де қайратты болып өсуіне, көпшілдік дағдыларын бойына терең сіңіруіне нақ осы мектепке дейінгі кезеңде тереңірек көңіл бөлінсе, дұрыс негіз қаланады. Қазақтың кемеңгер ақыны, ұлтының бақыты үшін өз

бойындағы бар дарыны мен білгенін аямай, дене тәрбиесіне зор көңіл бөлген Мағжан Жұмабаев: «Дене тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды. Дене жанның қабы. Қап берік болса ішіндегі заты берік болмақ. Дене жанның құралы. Құралы мықты болса иесі де мықты.

Төртінші мәселе бойынша,меңгеруші Әсел Бегманова тәрбиеленушілерге арналған ойын үлгісімен таныстырды, Ерте және мектепке дейінгі кіші жаста қарапайым жаттығуларды жасауда өлеңмен, тақпақпен ұйқастырылған жаттығуларды пайдалану ұсынылады. Сонымен қатар өзіне -өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру: қасық пен қарындаш ұстау, түйме тиегін өзі салып, өзі ағыту, бауын байлау, т.б. Өмірінің бастапқы кезеңінде баланың ұсақ қол моторикасы қалай дамып жатқандығын, жеке интеллектуалды қабілетін байқауға болады. Қасықты, қарындашты ұстау алмайтын, түймесін түймелей алмайтын және бәтеңке бауын байлай алмайтын балалардың қолының кіші моторикасы нашар дамыған болып есептеледі. Олар шашылған конструкторларды жинау, пазаламен жұмыс жасау, есептегіш таяқша және мозаикамен ойнау өте қиын. Олар басқа балалармен ойнаудан бас тартады, осы қызметтегі жұмыс жасағанда үлгермейді. Мұндай балалар элементарлы қызметтің өзінде өздерін нашар сезінеді және бұл жағдай баланың эмоциясын мен өзін – өзі бағалауға кері әсерін тигізеді.

Шешімі:

1«Жұлдыздар» ортаңғы тобында жүргізілген «Топтың тазалық тәрбиесін талдау» тексеру нәтижесінде анықталған кемшіліктер дер кезінде жойылсын.

2.Тәрбиеші Севара Бекназарованың «Күн кестесіндегі сауықтыру шаралары» тақырыбындағы баяндама қанағаттанарлық деп танылсын.

3.Ашық іс-әрекеттерде ескертілген кемшіліктер дер кезінде жойылсын.

4.Күнделікті іс-әрекет барысында саусақ ойындарын пайдаланылсын.

Педкеңес төрайымы: А.Бегманова
Хатшысы: С.Бекназарова

Хаттама № 4

Барлық пед. маман -6 Мерзімі:28.03.2023ж
Қатысқаны -6

Күн тәртібінде:

1.Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда театралдық әрекеттің маңыздылығы» баяндама
3. ***«Шынықтыру шараларын өткізуді талдау»***» шолу тексерудің қорытындысы.
4. «Жабайы аңдар» ортаңғы топ
Ұйымдастырылған ашық оқу-іс әрекеттерін талдау.

Бірінші мәселе бойынша өткен кеңес шешімдерінің орындалуы бойынша «Жұлдыздар» ортаңғы тобында жүргізілген «Топтың тазалық тәрбиесін талдау» тексеру нәтижесі бағаланып,сараланды,тәрбиешілердің өткен ашық ұйымдастырылған оқу іс –шараларына өз деңгейінде баға беріліп,кемшіліктерімен болашақта жұмыс жасау ескертіліп,айтылды.Күнделікті іс-әрекет барсында тәрбиеленушілермен саусақ ойындары пайдалану ескертілді.

Екінші мәселе бойынша, тәрбиеші Айгул Каленова дайындаған баяндаманы оқыды.Мектеп жасына дейінгі баланы жан-жақты дамытуда,бойындағы шығармашылығын шыңдауда театралдық іс-әрекеттердің берері мол.Бұл іс-әрекетті балабақшада дұрыс ұйымдастыра білу тәрбиешінің асқан шеберлігі мен білімділігін қажет етеді.Ал бала үшін оның әлеуметтік ортаға еркін бейімделуіне,өмірлік іс-тәжрибие жинақтауына,мінез –құлық нормаларының қалыптасуына зор ықпал етеді.Театр-балаларға ешбір теңдесі жоқ зор қуаныш әкеледі.Мектеп жасына дейінгі балалар өте әсерленгіш,әсіресе эмоциялық ықпалаға берілгіш.Балалардың басым көпшілігі өздері ұнатқан рөлдерде ойнағанды жақсы көреді.Өздеріне таныс немесе ұнайтын рөлдерде ойнау балаға қуаныш сыйлайды.

Үшінші мәселе бойынша,Тексеру жұмысы балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес наурыз айында жүргізілді. Тексеру жұмысын жүргізгендер балабақша меңгерушісі А.Бегманова, әдіскер С.Бекназарова,медбике Ж.Ибаргім, тексеру барысында тәрбиеші Бекназарова.С , топтағы шынықтыру-сауықтыру шараларының деңгейін бақылау мақсатында жұмыстары зерттелді.
Анықталғаны: Тәрбиешінің ұйымдастыру және тазалық талаптары, шынықтыру әдісі, жүргізілу әдісі, жас ерекшеліктеріне сай,балалардың жаттығу орындаулары,балалардың мерзімге сай киінуі,үйлесуі, балалардың жаттығу барысында көңіл-күйлері жақсы.
Шынықтыру әдісіндегі тұзды шынықтыруы,суда және ауа шынықтыру, жаттығуға арналған құралдардың болуы орташа деңгейде.
Балалардың ұйқыдан оянған кездегі жаттығулардың орындалуы,балаларға жеке қарауы қарастырылмаған.Тексеру барысы тәрбиешілерге түсіндіріліп,кемшіліктер ескертілді,тәрбиешілерге жазылған анықтама жазылып,қол қойдырылды.

Төртінші мәселе бойынша ортаңғы топ тәрбиешісі Севара Бекназарованың «Жабайы аңдар» атты ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне талдау жасалды. Сабақ мақсаты,жабайы жануарлар мекені,қоректенуі және олардың жабайы деп аталуы бір-бірімен байланысы туралы түсінік беру.Балаларға ертегінің жоспар бойынша мазмұнын айтуды үйрету арқылы зейіндерін есте сақтау,сөз дыбыстарын анық айту,сөйлеу ойлау қабілеттерін дамытып,ертегіні сурет бойынша айтуға жаттықтыру.Тәрбиеші сабақ өту барысында балалармен тығыз қарым-қатынас орната білді,сонымен қатар сабақ барысында балалар жасына сай жұмбақтар мен тапсырмалар берілді.Жалпы тәрбиеші балаларға жақсы көңіл-күй сыйлап ,жақсы атмосфера қалыптастыра білді.Кемшіліктері ескертіліп өтті.

Шешімі:

1.Үнемі тәрбиеленушілердің тәрбиесі мен білімі басты назарға алынсын.

2. ***«Шынықтыру шараларын өткізуді талдау»»*** шолу тексерудің кемшіліктері дер кезінде жойылсын.

3.Ашық іс-әрекеттерде ескертілген кемшіліктер дер кезінде жойылсын.

Педкеңес төрайымы: А.Бегманова
Хатшысы: С.Бекназарова

Хаттама № 5

Барлық пед. маман -6 Мерзімі:27.05.2023ж
Қатысқаны -6

Күн тәртібінде:

1.Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту» баяндама
3. Тәрбиешілердің 2022-22023 оқу жылындағы шығармашылық тақырыптарына есеп беруі.
4. Санитарлық талаптардың орындалуы.

Бірінші мәселе бойынша өткен кеңес шешімдерінің орындалуы бойынша үнемі
«Шынықтыру шараларын өткізуді талдау»» шолу тексерудің кемшіліктері дер кезінде жойылып,ескертулер қатаң бақылауға алынып,жұмыстар жүргізілуде.Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріндегі кемшіліктермен жұмыс жасалуда,сонымен қатар тәрбиеленушілердің білімі басты назарға алынып,күнделікті қадағалауға алынуда.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Перизат Мақұлбекованың дайындаған баяндамасы тыңдалды. Мектеп жасына дейінгі балалардың балалардың тілін дамытуда 5негізгі мақсат қарастырылады.
1.Ауызша сөйлеуге үйрету,сөздік қорын дамыту.Айналадағы дүниені,табиғатты бақылату,таныту арқылы сөз қорын жаңа сөздермен байыту,баланың ауызша сөйлеген сөздерін тыңдап,өзіне қойылған сұраққа диалог түрінде жауап беруге үйрету.
2.Сөз дыбыстарын дұрыс айту.Сөйлеуде ауыз қуысы арқылы дем алып,дем шығара білуге үйрету.
3.Граматикалық категорияларды меңгерту.Зат есімге іс-әрекетті білдіретін сөздерді қосып,сөйлем құрату.
4.Байланыстырып сөйлеуін дамыту.Күнделікті сабақта
естіген,білгенін,ойын,серуен кезінде көрген –түйгенін,
Байланыстырып сөйлеу тілі – өз алдына жалпы сөйлеу тілінің күрделі түрі болып табылады. Байланыстырып сөйлеу – тек қана сөйлемдердің тізбегі емес, ол сөйлемдердің бір – бірімен тиянақты, белгілі бір ретпен, кезектілікпен, мазмұны жинақы құрастырылған сөйлемдердің жүйесі. Бірақ, өз ана тілін білген адам, тек сөйлеп қана қоймайды, ол өз ойын байланыстырып сөйлеу тілі арқылы жеткізе біледі.

Үшінші мәселе бойынша Тәрбиеші А.Каленова-"Балаларды шығармашылық өнерге үйретудің маңызы" тақырыбында,Тәрбиеші –С.Бекназарова "Ертегілер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілетін дамыту" тақырыбына,Тәрбиеші-Б.Дүйсебаева "Мектеп жасына дейінгі балалардың қимыл-қозғалыс ойындарын ұйымдастыру және ерекшеліктері",Тәрбиеші-П.Мақұлбекова «Мектеп жасына дейінгі балалардың қимыл-қозғалыс ойындары" шығармашылық тақырыптары бойынша өздерінің жыл бойындағы балалармен және тақырып бойынша жүргізілген жұмыстарына есеп берді

Төртінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Ж.Ибрагім –
Балалар тәуліктің белсенді уақытының көбін оқу-
тәрбиелеу мекемелерінде өткізеді, сондықтан олардың жоспарлануы мен г
игиеналық жағдайлары оқу —
тәрбиелеу процесінің оңтайлы жағдайын қамтамасыз ететін, балалар мен
жеткіншектердің жан-
жақты дамуына және денсаулығын нығайтуына ықпал ету керек.Балалар
дың оқу-тәрбиелеу мекемелерінің орналасуына, жоспарлануына және
құрлыстарын салуға қойылатын негізгі талаптар
балалар мен жасөспірімдер бойынша көптеген жетекшелері мен еңбектерінд
е берілген және қазіргі құрылыс нормалары мен ереже
лерінде ескерілген .Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің топ бойынша, орналасу аумағына келер болсақ, киім ілетін орын (қабылдау бөлмесі) – 1 балаға 0,7 шаршы метрден кем болмауы тиіс; бөбек тобына арналған ойын бөлмесі аумағы – 1 балаға 2,5 шаршы метрден кем болмауы керек; мектепке дейінгі топтар үшін – 2,0 шаршы метрден кем болмауы тиіс; буфет бөлмесі – 3,8 шаршы метрден кем болмауы тиіс, жатын бөлме – бөбек тобы үшін, 1 балаға 1,8 шаршы метрден, мектепке дейінгі топтар үшін – 2 шаршы метрден кем болмауы тиіс; әжетхана – 1 балаға 0,8 шаршы метрден кем болмауы керек. Ылғалды жинау күнде жүргізіледі.Терезелер алды, жылыту құрылғылары, есіктер тұтқасымен, ойын бөлмесіндегі ойыншық шкафтары, тамақ үстелдері, орындықтары, едендер 2 мезгіл жуылады. Төсек кравоттары орнынан қозғалта отырып жуылады. Қабылдау бөлмесінде киім шкафтары үсті мен іші күнде сүртіледі. Асхана буфеттеріндегі шкафтар, жардағы кафельдер, унитаздар жуылады. Әжетхана тазалығы : кафельдер, унитаз, раковиналар дезинфекциялық ерітінді қоса отырып жуылады.

Шешімі:

1.Үнемі тәрбиеленушілердің тәрбиесі мен білімі басты назарға алынсын.

2. Үнемі балабақшада санитарлық талап нормалары сақталсын.

3.Ашық іс-әрекеттерде ескертілген кемшіліктер дер кезінде жойылсын.

Педкеңес төрайымы: А.Бегманова
Хатшысы: С.Бекназарова